



БҰЙРЫҚ

2020 ж. 11 наурыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *95*

город Астана

2019-2020 оқу жылында қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде бос білім беру гранттарын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларының 24-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2019-2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде бос білім беру гранттары:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ақылы негізде оқитын студенттерге, магистранттарға;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Astana IT University» ақылы негізде оқитын студенттерге тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті (Г.С. Шақаева) 2020 жылғы 1 ақпаннан бастап осы бұйрықтың 1-тармағының 1) тармақшасын, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 1-тармағының 2) тармақшасын іске асыру бойынша заңнамалық тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Д.Н. Смағұлов) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде бос білім беру гранттарын беру туралы куәліктерді ресімдесін және оларды тиісті жоғары оқу орындарына 3 жұмыс күні ішінде тапсырсын.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) осы бұйрықты тиісті жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.

5. Жоғары оқу орындарының ректорлары білім беру грантын тағайындау туралы куәлік негізінде одан әрі білім беру гранты бойынша оқу үшін тиісті бұйрықтың шығарылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М.Дәуленовке жүктелсін.

7. Осы бұйрық осы бұйрықтың 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1- тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы**



Ш. Каринова